	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Фармацевтикалық технология кафедрасы	Ғылыми кеңесшінің пікірі

6D110400 - «Фармация» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін «Бозсары қотырот (*Scabiosa ochroleuca* L.) шөбінен
жаңа фитопрепараттардың фармацевтикалық негіздемесін жасау»
тақырыбына PhD докторант Арайлым Бейбитқызы Муканованың
докторлық диссертациялық жұмысты орындағаны бойынша
ғылыми кеңесшінің
ПІКІРІ

Муканова Арайлым Бейбитқызы 2015 жылы С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің Фармация факультетін тәмамдап, 2017 жылы «Фармация» мамандығы бойынша медицина ғылымдарының магистрі дәрежесін алды. 2018 жылы С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің 6D110400 - «Фармация» мамандығы бойынша PhD докторантурасына қабылданды.


PhD докторант ретінде «Бозсары қотырот (*Scabiosa ochroleuca* L.) шөбінен жаңа фитопрепараттардың фармацевтикалық негіздемесін жасау» тақырыбы бойынша докторлық диссертациялық ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді.

А.Б. Муканова өз еңбек жолын дәріханада фармацевт болып бастап, 2017 жылдан бері «Фармацияның ұйымдастырылуы, басқарылуы және экономикасы және клиникалық фармация» кафедрасында оқытушылық қызмет атқаруда.

PhD докторант ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу және диссертация жазу барысында жоспарлау, талдау және әдебиеттерге шолу жүргізу бағыты бойынша үлкен көлемді жұмыс атқарды.

Диссертациялық жұмыстың аясында жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстары КеАҚ «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті», КеАҚ «Қарағанды медицина университеті» зертханасында, «Инфекцияға қарсы препараттардың ғылыми орталығы» АҚ, ҚР БҒМ ШЖҚ РМК «әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің» ШЖҚ еншілес мемлекеттік кәсіпорын «Физика-химиялық зерттеу және талдау әдістері орталығы» «Биосфера экологиясы» зертханасында, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қолданбалы химия институтының зертханасында, КеАҚ «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» Қазақ-Жапон инновациялық орталығы, тағам және экологиялық қауіпсіздік зертханасында А.Б. Мукановамен жеке орындалды.

Ізденуші экстракттарды алу барысында ғылыми зерттеудің заманауи әдістерін және мәліметтерді өңдеуде қажетті компьютерлік технологияларды тиімді пайдалануды меңгере білді. Диссертация тақырыбы бойынша

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Фармацевтикалық технология кафедрасы	Ғылыми кеңесшінің пікірі

жүргізілген зерттеулердің негізгі нәтижелерін қамтитын 13 ғылыми жұмыстары жарияланды.

25.12.2020 жылы Қазақстан Республикасының өнертабыстарының мемлекеттік тізілімінде №34786 «Антирадикалдық белсенділігі бар бозсары қотырот (*Scabiosa Ochroleuca* L.) шөбінен ультрадыбысты экстракт алу тәсілі» атты өнертабыс патенті тіркелді.

10.09.2021 жылы тіркелген №6401 «Способ получения микроволнового экстракта скабиозы бледно-желтой (*Scabiosa Ochroleuca* L.) с антирадикальной активностью» атты пайдалы модель патенті зерттеудің ғылыми жаңалығын растайды.

Ғылыми зерттеулерді жүргізу барысында докторант аналитикалық ойлау қабілеті жоғары және ғылыми зерттеуші қызметкеріне тән қажетті тәжірибелік дағдылар мен құзыреттіліктерге ие маман екенін көрсетті.

Муканова А.Б. PhD докторантурада білім алып жүргенде педагогикалық шеберлігін көрсетіп, бакалавриат білім алушыларына сабақ жүргізді, «Фармация», «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандықтары бойынша білім алушылардың ғылыми – зерттеу жұмысына жетекшілік етті.

Ғылыми кеңесші ретінде, Арайлым Бейбитқызы Муканованың ізденушілермен жас ғалымдар арасында зор құрметке бөленген, сонымен бірге, ғылыми-зерттеу саласындағы құзыреттілігін, докторлық диссертациялық жұмыстың жаңашылдығы мен практикалық маңыздылығын көрсетіп, зерттеу тақырыбының мақсаттары мен міндеттерін үлкен жауапкершілікпен орындап, алынған зерттеу нәтижелері бойынша автордың қосқан жеке үлесін және 6D110400 - «Фармация» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне қойылатын талаптарға сай келуіне байланысты докторлық диссертациялық жұмысын толық аяқтағанын айтқым келеді.

Муканова Арайлым Бейбитқызы 6D110400 - «Фармация» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты.

Ғылыми кеңесші,
PhD, қауымдастырылған профессор,
фармацевтикалық технология
кафедрасының профессоры м.а. Ибадуллаева Ғ.С.

қолы Ибадуллаева Ғ.С. куәландыратын
 «___»_____2025 ж.

